

Оқыту тілі

Қазақ

Жасалған күні

01-04-2024

Өтінім беру күні

06-06-2024

Өтінімнің номері

071605-006-24

Тізілімде тіркелеген күні

29-07-2024

Тіркеу номері

071605-006-4943-24

QR код**Өңір**

Қарағанды облысы

ТжКОББ ұйымы

"Қарағанды теміржол колледжі" КМҚК

Әзірлеуші-серіктес (жұмыс беруші)

"ҚТЖ Жүк тасымалы" ЖШС филиалының Қарағанды пайдалану локомотив депосы - "ЖТ
Қарағанды бөлімшесі

Білім деңгейі

Техникалық және кәсіптік

Даярлық бағыты

071 Инженерия және инженерлік іс

Даярлық мамандануы

0716 Автокөлік құралдары, теңіз және әуе кемелері

Мамандық коды және атауы

07160500 Темір жолдың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Біліктілік(-тер) коды және атауы

3W07160501 Локомотив машинисының көмекшісі (түрлері бойынша), 3W07160502 Локомотивті жөндеу жөніндегі слесарі (түрлері бойынша), 4S07160503 Техник-электромеханик

ҰБШ бойынша деңгейі

3, 4

Білім беру бағдарламасының мақсаты

Локомотивті (моторвагонды жылжымалы құрамды) пайдалану, поездар қозғалысының қауіпсіздігін және олардың жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында локомотивтердегі механикалық, электрлік, пневматикалық жабдықтарға, агрегаттарға, қондырғыларға, аппараттар мен аспаптарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын іске асыратын мамандарды даярлау.

Кәсіптік стандарт (бар болса)

Жөндеуден кейін локомотивтердің сапасын тексеруді бақылау. ҚР «Атамекен» ҰКП 01.09.2023 ж. № 136 бұйрығы., Локомотивтер мен моторвагонды жылжымалы құрамды пайдалану. ҚР «Атамекен» ҰКП 01.09.2023 ж. № 136 бұйрығы.

WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса)

Жоқ

Оқыту нысаны

Күндізгі

Білім базасы

Негізгі орта, Жалпы орта

Кредиттердің жалпы көлемі

300

Индустриалдық (жұмыс берушілер) кеңесінің отырысы хаттамасының №, күні

13.03.2024 ж. №2

Оқу-әдістемелік кеңесі отырысы хаттамасының №, күні

15.03.2024 ж. №3

Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері

Жоқ

Тәсіл

Модульдік-құзыреттілік

Лицензия

Лицензии_12.pdf

Құзыреттер тізімі

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
1	Қ 1.	Іскерлік қатынасты ауызша және жазбаша түрде мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде жүзеге асыру.
2	Қ 2.	Кәсіби салада жаратылыстану және математикалық білімді қолдану.
3	Қ 3.	Кәсіби салада қоғамдық - гуманитарлық білімді қолдану.
4	Қ 4.	Дене қасиеттерін жетілдіруге деген ұмтылысты көрсету, салауатты өмір салтына назар аудару.
5	Қ 5.	Заманауи компьютерлік технологияларды, ақпаратты цифрлық өңдеу әдістерін қолдану.
6	Қ 6.	Құқықтық жүйе мен экономиканың негіздерін меңгеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құбылыстар саласында азаматтық ұстанымды көрсету.
7	Қ 7.	Өзін және қоғамдағы өз орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау.
8	Қ 8.	Стандарттау және метрология талаптары негізінде техникалық құжаттамаларды рәсімдеу.
9	Қ 9.	Кәсіби қызметте электротехника мен электроника негіздерін және электр машиналарын қолдану.
10	Қ 10.	Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздіктің нормалары мен талаптарын орындау.
11	Қ11.	Тартқыш жылжымалы құрамының тораптары мен агрегаттарына және бөлшектеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу.
12	Қ 12.	Тартқыш жылжымалы құрамының автоматты тежеу жүйесіне және электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
		жөндеу жұмыстарын орындау.
13	Қ 13.	Локомотивті (моторвагонды жылжымалы құрам) пайдалану, қабылдау және тапсыру, жабдықтау және дайындау.
14	Қ 14.	Жүру жолында пайда болған тиісті үлгідегі локомотивтің немесе вагондар құрамының ақауларын анықтау және жөндеу.
15	Қ 15.	Локомотив жабдықтарын техникалық құжаттамалау және есепке алуды жүргізу.
16	Қ 16.	Өндірістегі еңбек қызметін ұйымдастыру, тартқыш жылжымалы құрамдарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу технологиялық үдерістерін және локомотивтерді пайдаланудың экономикалық көрсеткіштерін талдау.

Модульдердің (пәндердің) мазмұны

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
Жалпы білім беру пәндері							
1	ЖБП 1. Математика	Функцияның түрлері, қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу; дәрежелер мен түбірлер; дәрежелік, көрсеткіштік және логарифмік функцияның қасиеттері мен графиктері; иррационалдық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері; көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер; функцияның шегі мен үздіксіздігі; тундыны физикалық және геометриялық мағынасы және оның қолданылуы; алғашқы образды және интегралдардық қасиеттері мен қолданылуы; математикалық статистика мен ықтималдық теориясының элементтері; стереометрия аксиомалары және олардың салдары; кеністіктегі тузулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы; координаттардың тікбұрышты жүйесі; кеңістіктегі вектордың координаттарын есептеу;	ОН 1.1. Математикалық талдаудың негізгі ұғымдарын және олардың қасиеттерін меңгеру, функцияларды сипаттай білу. ОН 1.2. Рационалды және иррационалды, көрсеткіштік, дәрежелік, тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді, олардың жүйелерін шешу әдістерін меңгеру. ОН 1.3. Карапайым ықтималдық теориясының негізі ұғымдары туралы түсінікке ие болу, оқиғалардың пайда болу ықтималдығын табу және бағалау. ОН 1.4. Жазық және кеңістік, геометриялық фигуралар, олардың негізгі қасиеттері туралы түсінікке ие болу, сызбалардағы, модельдердегі және нақты әлемдегі геометриялық фигураларды тану. ОН 1.5. Геометриялық есептер мен технологиялық есептерді практикалық мазмұнымен шешу үшін геометриялық фигуралар мен формулалардың меңгерілген қасиеттерін қолдану.	5	120	Қ 2.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		кепжақтардың түсінігі мен қолданылуы; айналу денелері және олардың элементтері; денелердің келемі.					
2	ЖБП 2. Информатика	Компьютерлік жабдықты пайдалану кезіндегі эргономика мен қауіпсіздігі; мобильді құрылғылардың аппараттық қамтамасыз ету, сипаттамасы мен анықтамалары; виртуалды машиналардың бағдарламалық қамтамасыз етілуі; санау жүйелері мен логикалық операциялары; аппараттық процестер мен жүйелер; аппараттық объектілерді құру мен түрлендіру; қосымшалардың әзірлеу; компьютерлік желілері және аппараттық қауіпсіздігі.	ОН 2.1. Пайдаланушының қауіпсіздігін және компьютерді қорғауды қамтамасыз ету тәсілдерін білу. ОН 2.2. Процессорлар мен мобильді құрылғылардың аппараттық құралдарының функциялары мен жұмыс принципін, бағдарламалық жасақтаманы тандауды түсіндіру. ОН 2.3. Әр түрлі санау жүйелерінде сандарды түрлендіру, логикалық схемалар мен өрнектерді құру дағдыларын меңгеру. ОН 2.4. Деректер базасын құру, блокчейн және бұлтты технологияларды қолдану дағдыларын меңгеру. ОН 2.5. 3D модельдеу және Web-жобалау дағдыларын меңгеру. ОН 2.6. Алгоритмдер мен интерфейстерді құру дағдыларын меңгеру. ОН 2.7. Пайдаланушы ақпаратына қатысты аппараттық қауіпсіздік шараларын қолдану.	3	72	Қ 2., Қ5.	С
3	ЖБП 3. Қазақ тілі	Әдеби казак тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің ережелері; алынған апаратты таллау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың әртүрлі түрлері; монологиялық сөйлеу; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу ережелері; әр түрлі жаңадағы мәтіндерді жасау кезінде стилистикасы.	ОН 3.1. Әр түрлі типтегі және әр жанрдағы, публицистикалық стильдегі мәтіндерді жазу. ОН 3.2. Тыңдалған, оқылған және аудиовизуалды материалдардың мазмұның баяндау. ОН 3.3. Автордың позициясын және мәтіннің жасырын мағынасын, мақсатты аудиторияны, жанрларды анықтай отырып, мәтіннің негізгі және толық ақпаратын түсіну. ОН 3.4. Өз пікірін білдіре отырып, тыңдалған материалды, аппараттық сенімділігі, өзектілігі тұрғысынан бағалау. ОН 3.5. Мәселені шешудің өзіндік жолдарын ұсыну және эссенің түрлерін жазу. ОН 3.6. Ақпаратты әртүрлі ақпарат көздерінен алу және синтездеу. ОН 3.7. Техникалық-технологиялық және оқу-ғылыми сала шеңберінде көпшілік алдында сөйлеу үшін кеңейтілген монолог құру.	4	96	Қ 1.	Е
4	ЖБП 4. Қазақ әдебиеті	Әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы; шығармадағы автордың ұстанымы; көркем шығармаларды бейнелі табиғаты; шығармалардың ашық білдірілген және жасырын мағыналары;	ОН 4.1. Көркем шығарманың мазмұның, оның проблемаларын түсіну, сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіру. ОН 4.2. Авторлық позицияны білдіруге байланысты дейкссөздерді, үзінділерді мәтіннен өз бетінше тауып, мәнерлен жатқа оқу. ОН 4.3. Шығарма мәтініне сілтеме жасап, тақырып пен бейнелер	4	96	Қ 1.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		шығарманың тілдік ерекшеліктері, негізгі эпизодтар, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен іс-рекеттер; жазушы стилінің ерекшеліктері; шығарма жоспарының түрлері; шығарманы композициялық, стильдік бірлік, тілдік безендіру және қойылған коммуникативтік міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан бағалау; басқа өнер түрлерінің құралдарымен жасалған көркем мәтінді түсіндіру; әртүрлі жанрдағы шығармалардың идеялық-көркемдігі, әлеуметтік-тарихи және рухани-эстетикалық аспектілерін талдау.	туралы өз пікірін білдіре отырып, проблемалық сұраққа толық дәлелді жауап беру. ОН 4.4. Жанрды және оның белгілерін анықтау. ОН 4.5. Кейіпкерлер жүйесіндегі олардың рөлі мен маңыздылығын анықтай отырып, шығарманың кейіпкерлерін сипаттау. ОН 4.6. Поэтикалық синтаксистің бейнелері, бейнелеу құралдары мен фигураларын құрудың құралдары мен әдістерін талдау, олардың оқырманға әсерін түсіндіру.				
5	ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілінің орфоэпикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің қағидалары; алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оудың әртүрлі; монологиялық сөйлеу; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу қағидалары; әр түрлі жанрдағы мәтіндерді құру; әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы.	ОН 5.1. Тақырып бойынша мәтіннің негізгі идеясын анықтау. ОН 5.2. Көркем шығарманың мазмұнын, оның проблемаларын түсіну және талдау. ОН 5.3. Оқылған мәтін бойынша практикалық сұрақтарды тұжырымдау. ОН 5.4. Күрделі синтаксистік конструкцияларды олардың функционалдық-стилистикалық қасиеттері тұрғысынан пайдалану, сөйлеу нормаларын сақтау. ОН 5.5. Әр түрлі ақпарат көздерден алынған ақпаратты қорытындылау. ОН 5.6. Аралас типтегі мәтіндер жасау, шығармашылық жұмыстар жазу (эссе).	4	96	Қ 1.	Е
6	ЖБП 6. Шетел тілі	Шет тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; әңгімелесулерде және жалпы оқу тақырыптарының кең ауқымы бойынша жазу кезінде ресми және бейресми тілдік регистрлерді пайдалану; оқылғаннан (тыңдалғаннан, көргеннен) алынған ақпаратты салыстыру, талдау, синтездеу, түсіндіру тәсілдері; оқу мен аударманың түрлері; өмірбаяндық, ғылыми-танымал, публицистикалық стильдердің мәтіндері; монологиялық және диалогтық сөйлеу; лексика мен грамматиканы қолдана отырып, мәтін деңгейінде жеке байланысты жазу, редакциялау және түзету әдістері.	ОН 6.1. Болашақ кәсіби қызметпен байланысты әр түрлі функционалды стильдердің: ғылыми-көпшілік, публицистикалық, өмірбаяндық шынайы мәтіндерді оқу және түсіну. ОН 6.2. Оқылған (тыңдалған, көрген) толық және қысқаша баяндауды орындау, оқиғаларды, фактілерді, құбылыстарды сипаттау. ОН 6.3. Ағылшын тілінен әр түрлі стильдегі мәтіндердің, соның ішінде болашақ кәсіби қызметпен байланысты мәтіндердің жазбаша аудармасын орындау. ОН 6.4 Сөйлеу этикетінің нормаларын сақтай отырып, ресми және бейресми - қатынастың әртүрлі жағдайларында диалогтың барлық түрлерін жүргізу.	4	96	Қ 1 Қ 1..	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
7	ЖБП 7. Қазақстан тарихы	Орталық Азия өркениеттерінің тарихы; Қазақстан аумағындағы этникалық және қоғамдық процестер; әлеуметтік процестер; қазіргі Қазақстан аумағында болған мемлекеттердің, соғыстар мен ревалюциялардың тарихы; қазақ халқының мәдениеті; әртүрлі тарихи кезеңдердегі экономикалық даму ерекшеліктері; саяси құқықтық саяси ойдың дамуы; Қазақстанның білімі мен ғылымының дамуы.	ОН 7.1. Орталық Азия өркениеттерінің шығу тегі мен ерекшеліктерін, алуан тірлігін, мәдени ортақтығын, материалдық және рухани мәдениетінің жетістіктерін сипаттау. ОН 7.2. Қазақстан аумағындағы этногенезді, этникалық және әлеуметтік процестерді талдау. ОН 7.3. Қазіргі Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің қалыптасуының тарихи кезеңдерін, тарихи-географиялық сипаттамаларын, қоғамдық-саяси даму ерекшеліктерін талдау. ОН 7.4. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, кеңес кезеңдегі және ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениетін талдау. ОН 7.5. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесін және Қазақстанның қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттау. ОН 7.6. Әр түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстандағы саяси-құқықтық процестер мен қоғамдық-саяси ойдың дамуын сипаттау. ОН 7.7. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасын және ХVIII-XX ғасырлардағы білім беруді дамытуды талдау.	3	72	Қ 3.	Е
8	ЖБП 8. Дене тәрбиесі	Дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік техникасы; алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсетудің негіздері мен қағидаттары; кәсіптік қолданбалы дене шынықтырудың рекреациялық және оңалту құралдары; жеңіл атлетика және гимнастикалық жаттығуларды орындау ережелері мен техникасы; футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннистегі, ұлттық және қысқы спорт түрлеріндегі, жүзудегі ережелер мен техникалық-тактикалық іс-қимылдар; туризм түрлері; заманауи фитнес технологиялары.	ОН 8.1. Дене шынықтыру сабақтарында техника қауіпсіздік және жеке гигиена ережелерін меңгеру. ОН 8.2. Бағдарламада көзделген жеңіл атлетика, гимнастика, жүзу жаттығуларын, нормативтері орындау ОН 8.3. Зерттелетін спорттық ойындардың ережелерін білу, қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыдан дұрыс орындау, оларды жарыстарда қолдану. ОН 8.4. Қазіргі заманғы фитнес технологиялары мен туризм түрлері туралы түсіну.	5	120	Қ 4.	С
9	ЖБП 9. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері; әскери қызметтің құқықтық негіздері; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері; жалпы әскери жарғылары; тактикалық, атыс, саптық дайындық және әскери топография; әскери робототехника негіздері; тіршілік қауіпсіздігі және	ОН 9.1. Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мақсаты, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсіну. ОН 9.2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жарғыларының жалпы ережелері мен құқықтық негіздерін меңгеру. ОН 9.3. Атыс қаруын меңгеру, саптық дайындық, робототехника, IT-технологияларды пайдалану және	4	96	Қ 3.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		ақпараттық технологиялар негіздері; доңғалақты машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері; жол қозғалысы ережелері.	доңғалақты машиналарды жүргізу негіздерін, дағдыларын қолдану. ОН 9.4. Төтенше жағдайларда қауіпсіздік техникасы қағидаларын және адам өмірінің қауіпсіздік негіздерін меңгеру.				
10	ЖБП 10. Химия	Атомның құрамы мен құрылысы; атомдардағы электрондардың тартылуы мен қозғалысы; химиялық байланыстың түрлері; химиялық элементтердің периодтық заңы мен периодтық кестесі; заттар массасының сақталу заңы; тотығу – тотықсыздандыру реакциялары; химиялық реакциялардың жылдамдығы; химиялық тепе теңдігі; аса маңызды р-элементтері мен олардың қортпалары; биохимия негіздері:	ОН 10.1. Атомның құрамы мен құрылымын, атомдардағы электрондардың таралуы мен қозғалысын түсіндіру. ОН 10.2. Химиялық байланыстың, табиғатын және оның түрлерін түсіндіру. ОН 10.3. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары мен энергиясын түсіндіру. ОН 10.4. р - элементтерінің және олардың қосылыстарының құрылымын, физикалық және химиялық қасиеттерін сипаттау. ОН 10.5. Металлдар мен олардың қорытпаларының қасиеттерін алу тәсілдерін және қодану саласын сипаттау. ОН 10.6. Көмірсулардың, аминдердің, аминқышқылдары мен ақуыздардың құрылымын, физикалық және химиялық қасиеттерін түсіндіру, ферменттердің рөлі мен маңыздылығын түсіну. ОН 10.7. Нуклеин қышқылдарының құрылымын және олардың жіктелуін сипаттау.	4	96	Қ 2.	С
11	ЖБП 11. Биология	Молекулалық биология және биохимиялық негіздері; жасауша биологиясының негіздері; тірі организмдердің алуан түрлілігі; құрылымы мен қызметі; тірі организмдердің көбеюі, тұқым қуалаушылығы, өзгергіштігі, эволюциялық дамуы; селекция негіздері; биомедицина, биоинформатика, биотехнология негіздері; биосфера, экожүйе, популяция; экология және адамның қоршаған ортаға әсері.	ОН 11.1. Ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың құрылымын, құрамы мен қызметін сипаттау. ОН 11.2. Электронды микроскоп астында көрінетін жасуша органоидтарының құрылымы мен функциясының ерекшеліктерін түсіндіру. ОН 11.3. Биологиялық процестерде тамақтану, заттарды тасымалдау, тыныс алу және шығару механизмін түсіндіру. ОН 11.4. Тірі организмдердің өсуі, көбеюі және дамуындағы жасуша циклінің маңыздылығын анықтау. ОН 11.5. Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің негізгі заңдылықтарын, эволюция мен селекция механизмін түсіндіру. ОН 11.6. Бионика, биоинформатика, биотехнологияның рөлі мен әдістерін сипаттау. ОН 11.7. Өз экожүйелері мен экологиялық мәселелерін сипаттау.	3	72	Қ 2.	С
12	ЖБП 12. Дүниежүзі тарихы	Әлемдік өркеннеттердің жіктелуі мен тарихы; әлемдік этникалық және әлеуметтік процестер; мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; мәдениеттің дамуы;	ОН 12.1. Өркениеттердің түрлері мен ерекшеліктерін, мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара әсерінің оң және теріс жақтарын сипаттау. ОН 12.2. Этникалық және әлеуметтік процестерді, олардың әртүрлі тарихи кезеңдердегі маңыздылығын	3	72	Қ 3.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		өркенисттердің даму ерекшеліктері; саяси-құқықтық процестер: қоғамдық-саяси ойдың дамуы; білім мен ғылымның дамуы.	сипаттау. ОН 12.3. Империялардың, соғыстардың, революциялар мен шапқыншылықтардың себептері мен салдарын сипаттау. ОН 12.4. Адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтары мен мәдени мұрасының қалыптасу көздері мен маңыздылығын сипаттау. ОН 12.5. Экономикалық жүйелердің тарихи түрлерін, табиғи-географиялық фактордың мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін сипаттау. ОН 12.6. XX-XXI ғасырлардағы қоғамдық-саяси ойдың дамуын, әлемнің қазіргі саяси құқықтық биполярлық жүйесін, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау проблемасын сипаттау. ОН 12.7. Білім мен ғылымның дамуын және олардың әртүрлі тарихи кезеңдердегі маңыздылығын сипаттау.				
13	ЖБП 13. География	Географиялық зерттеу әдістері; картография және геоинформатика негіздері; табиғатты пайдалану және геоэкология негіздері; геоэкономика негіздері; геосаясат негіздері; елтану; адамзаттық жаһандық проблемалар.	ОН 13.1. Зерттеудің жалпы географиялық және өзекті географикалық әдістерін меңгеру. ОН 13.2. Геоақпараттық жүйелердің заманауи картографикалық әдістері мен технологияларын қолдау. ОН 13.3 Табиғатты пайдалану тұжырымдамасын түсіну және өнеркәсіптік өндірістің антропологиялық факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау. ОН 13.4 Қазақстан өңірлерінің аумақтық факторларын, геоэкономикалық жай күйі мен әлеуетін сипаттау. ОН 13.5 Қазақстанның геосаяси жағдайы мен қауіпсіздігін талдау. ОН 13.6 Географиялық, демографиялық, әлеуметтік және бәсекеге қабілетті көрсеткіштер бойынша әлем елдерін салыстыру. ОН 13.7 Адамзаттық жаһандық проблемаларын және Қазақстан аумағындағы көріністерін сипаттау.	3	72	Қ 2.	С
14	ЖБП 14. Графика және жобалау	Ақпаратты визуализациялаудың графикалық тәсілдері мен құралдары; суреттердің негізгі түрлері және олардың құрылысы; кескіннің түрі мен құрамын түрлендіру; геометриялық денелердің қалыптасу заңдары және пішіндерді құрастыру; пішіндерді түрлендіру; техникалық, архитектуралық құрылыс және ақпараттық графика	ОН 14.1. Графикалық кескіндерді, соның ішінде компьютерлік графика құралдарын орындау әдістері мен тәсілдерін меңгеру. ОН 14.2. Қатты күйдегі және беттік модельдеу әдістерін компьютерлік графика құралдарын меңгеру. ОН 14.3. 3D моделінің түрін, құрамын және формасын түрлендіруді орындау. ОН 14.4. Техникалық, сәулет құрылыс және ақпараттық графика элементтерін меңгеру. ОН 14.5. Жобалық графика	3	72	Қ 2.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		элементтері; жобалық графикасы.	дағдыларын меңгеру.				
15	ЖБП 15. Физика	Кинематика және динамика негіздері; статика және гидростатика негіздері; импульс пен энергияның сақталу заңдары; жылу физикасы; газ заңдары; термодинамика негіздері; сұйық және қатты денелер туралы ұғымдар; электростатика; электр тогы; электромагниттік индукция; механикалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері; толқындық және геометриялық оптика; атомдық және кванттық физикасы; атом ядросының физикасы; космология негіздері.	ОН 15.1. Негізгі ұғымдарды меңгеру, механиканың заңдарын, теориялары мен теңдеулерін түсіндіру және қолдану. ОН 15.2. Молекулалық-кинетикалық теорияның негіздерін меңгеру, қатты денелердің, сұйықтықтар мен газдардың модельдері мен қасиеттерін сипаттау. ОН 15.3. Электр тогы мен магнетизмнің табиғатын түсіну, олардың негізгі заңдылықтары мен сипаттамаларын білу. ОН 15.4. Тербелістер мен электромагниттік толқындардың пайда болу жағдайларын түсіндіру, олардың қасиеттері мен физикалық мағынасын сипаттау. ОН 15.5. Оптикалық құбылыстардың табиғаты мен заңдылықтарын сипаттау ОН 15.6 Электромагниттік және радиоактивті сәулелендіру сипаттамасын түсіндіру; нанотехнологияның негізгі жетістіктерін сипаттау. ОН 15.7. Жалпы ғаламның қасиеттері мен эволюциясын түсіндіру.	4	96	Қ 2.	Е
16	ЖБП 16. Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттер ұғымы мен қолданылуы; қаржылық сауаттылығы; өзара қарым-қатынас мәдениеті; мәдениетаралық қарым-қатынас негіздері; еңбекті бағалаудың әдістері мен нысандары; IT-жүйелермен жұмысы; жобалық менеджмент	ОН 16.1. Жаһандық құзыреттер және олардың жеке тұлғаны дамыту үшін маңызы туралы түсіну. ОН 16.2. Қаржылық сауаттылық негіздерін меңгеру. ОН 16.3. Жанжалдарды шешу дағдыларын меңгеру. ОН 16.4. Мәдениетаралық коммуникация дағдыларын меңгеру. ОН 16.5. Кәсіби қызметте жобалық менеджмент дағдыларын қолдану.	1	24	Қ 3., Қ 5., Қ 10	С
Жалпыға міндетті модульдер (жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер)							
1	ЖММ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	Дене шынықтырудың әлеуметтік биологиялық және психофизиологиялық негіздері; дене шынықтыру және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; салауатты өмір салты негіздері.	ОН 1.1 Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. ОН 1.2 Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерін жетілдіру.	12	288	Қ 4.	Е
2	ЖММ 2. Ақпараттық - коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	Ақпаратты жинаудың, өңдеудің, ұсынудың және берудің қазіргі заманғы технологияларының негіздері; Ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану негіздері, қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологияларды дамытудың негізгі бағыттары.	ОН 2.1 Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. ОН 2.2 Ақпараттық - анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	2	48	Қ 5.	С
3	ЖММ 3. Экономика	Қазіргі заманғы экологиялық жүйенің жұмыс істеу	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді	4	96	Қ 6.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	ның базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	заңдылықтары мен тетіктері; нарықтық экономика қағидаттары, факторлары мен шарттары; Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтің қазіргі заманғы ұйымдық – құқықтық нысандары; бизнестің ұйымдастырушылық және қаржылық негіздері.	меңгеру. ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму тенденцияларын, мемлекеттің "жасыл" экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну. ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды меңгеру.				
4	ЖММ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	Философияның негізгі ұғымдары мен заңдылықтары; мәдениет, дін және өркениет; мемлекеттік-құқықтық қатынастар мен құбылыстар жүйесі; қоғамдағы азаматтар мен саясаттың басқа субъектілері арасындағы қатынастар жүйесінің жұмыс істеуі.	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну. ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну. ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру. ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	4	96	Қ 7.	С
Базалық және кәсіптік модульдер (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер)							
1	КМ 1. Стандарттау сертификатау және метрология талаптары негізінде техникалық құжаттаманы ресімдеу	Сертификаттау және метрология саласындағы негізгі терминдер мен анықтамалары; техникалық құжаттамалау кезінде стандарттар мен конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі; стандарттарға сәйкес теміржол терминдері, анықтамалары және таңбалары; кәсіби қызметте қолданылатын құжаттар	ОН 1.1. Сертификаттау және метрология саласындағы негізгі терминдер мен анықтамаларды қолдану. ОН 1.2. Стандарттар мен конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйелеріне сәйкес техникалық құжаттамаларды рәсімдеу.	2	48	Қ 8.	Е
2	КМ 2. Кәсіби қызметте электротехника мен электроника негіздерін және электр машиналарын қолдану	Электр тізбектерін жинақтау және олардың жұмысын тексеру тәртібі; электр тізбектерін есептеу негіздері; электр энергиясын түрлендіру әдістері; электрондық техника құрылғыларының жұмысқа қабілеттілігі; электрондық схемалардың негізгі параметрлері; электр машиналары мен жетектерінің құрылысы, жұмыс қағидалары.	ОН 2.1. Электрлік тізбектерін жинау, параметрлерін есептеу және жұмысын тексеруді меңгеру. ОН 2.2. Электрондық аспаптар мен құрылғылардың техникалық параметрлерін анықтау. ОН 2.3. Электр машиналары мен электр жетектерінің конструкциялары мен жұмыс қағидаларын меңгеру. ОН 2.4. Электр машиналарын жобалау, сынау және пайдаланудың тәжірибелік есептерін шешу. ОН 2.5. Электр машиналары мен жетектерінің жұмысын сынау.	5	120	Қ 9.	Е
3	КМ 3. Тартқыш жылжымалы құрамының механика	Темір жолдың жалпы курсы; локомотивтің құрылысы; тораптары мен агрегаттары және механизмдерінің жұмысы; жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету,	ОН 3.1. Темір жол салаларын меңгеру. ОН 3.2. Локомотив механизмдерінің, тораптары мен агрегаттарының құрылғылары мен жұмыс қағидаларын меңгеру.	13	312	Қ 11.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	ық жабдығының тораптары мен бөлшектеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу	жөндеу және реттеу; жылжымалы құрамды жөндеу кезіндегі дәнекерлеу мұмыстарының түрлері; локомотивті жөндеу кезіндегі слесарлық жұмыстар; экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелері.	ОН 3.3. Тораптарды, агрегаттар мен механизмдерді жөндеуге дайындау. ОН 3.4. Тораптарды, агрегаттар мен механизмдерді реттеу. ОН 3.5. Дәнекерлеу жұмыстарын орындау. ОН 3.6. Слесарлық жұмыстарды орындау.				
4	КМ 4. Еңбекті қорғау, экология және техникалық пайдалану нормалары мен ережелерін сақтау	Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау бойынша еңбекті қорғаудың, құқықтық және нормативтік базаның, заңнамалық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, санитарлық-гигиеналық іс-шаралар жүйесі; өндіріс жағдайында бейімделуге, еңбек процесінде адамның денсаулығы мен жұмыс қабілеттілігін сақтауға, еңбек жағдайларына, қауіпсіздік техникасына, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық құралдарына, жеке қорғаныс құралдарына, еңбек гигиенасы мен темір жол объектілеріндегі өндірістік санитарияға әсер ететін факторлар; Қазақстан Республикасының темір жолдарын техникалық пайдалану, сигналдандыру, тартымды жылжымалы құрамның тораптары мен бөлшектеріне техникалық қызмет көрсету жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындау кезіндегі поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелері; тораптарды, агрегаттар мен механизмдерді техникалық қызмет көрсету, жөндеу және реттеу; жылжымалы құрамды жөндеу кезіндегі дәнекерлеу мұмыстарының түрлері; локомотивті жөндеу кезінде слесарлық операциялар.	ОН 4.1. Еңбекті қорғау, экология және өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарын меңгеру. ОН 4.2. Темір жолдарды техникалық пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігін сақтау нормативтік құжаттарын қолдану. ОН 4.3. Тартқыш жылжымалы құрамдарды техникалық пайдалану және жөндеу кезіндегі техника қауіпсіздігі талаптарын орындау. ОН 4.4. Өрт, электр қауіпсіздігі және өндірістік санитария талаптарын орындау .	5	120	Қ 10.	Е
5	КМ 5. Тартқыш жылжымалы құрамның автоматты	Жылжымалы құрамның автоматты тежегіштері; жылжымалы құрамның Автоматты тежеу жүйесін сынау; бөлшектердің тозу түрі мен сипаты, қалпына келтіру	ОН 5.1. Локомотивтің автоматты тежеу жабдығын және олардың жұмыс қағидаларын меңгеру. ОН 5.2. Автоматты тежеу тораптары мен механизмдерінің ақауларын анықтау технологияларын қолдану.	11	264	Қ 12.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	тежеу жүйесіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындау	әдістері; бөлшектерді қалпына келтіру операциялары; бөлшектерді әртүрлі әдістермен қалпына келтірудің технологиялық процестері; майлау материалын таңдау, жабдықты майлау технологиясы; жабдықтардың негізгі ақаулары, олардың пайда болу себептері, ақауларды жою.	ОН 5.3. Локомотивтің автоматты тежеу жабдығының тораптарын, агрегаттары мен механизмдерін жөндеу. ОН 5.4. Автоматты тежеу жабдығының тораптарын, агрегаттары мен механизмдерін реттеу. ОН 5.5. Локомотивті (тепловозды және электровозды) жөндеу кейінгі сынау.				
6	КМ 6. Тартқыш жылжымалы құрамының электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындау	Локомотивтің электр жабдықтарының электр тізбектері; жылжымалы құрамның электр жабдықтарының жай-күйін бақылау; электр аппараттары мен тізбектерін техникалық қызмет көрсету, пайдалану және ағымдық жөндеу; электр жабдықтарын жөндеу.	ОН 6.1. Локомотивтің электр жабдықтарын және олардың жұмыс қағидаларын меңгеру. ОН 6.2. Электр жабдықтарын жөндеу. ОН 6.3. Электр аппараттары мен тізбектерін талдау. ОН 6.4. Электрлік монтаждау жұмыстарын орындау.	14	336	Қ 12.	Е
7	КМ 7. Локомотивті (моторвагонды жылжымалы құрам) пайдалану	Электр тізбектерді дұрыс басқаруды, басқару тізбектерін қосу және өшіру, жылжымалы құрамның механикалық, электрлік бөлігінің бұйрық талаптарына, сондай-ақ техникалық пайдалану қағидаларының конструкциясы мен талаптарына сәйкестігі; пневматикалық тізбектерді дұрыс басқару, басқару тізбектерін қосу және өшіру; жүру жолында және тұрақтарда локомотивке техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша регламенттік жұмыстар; стандартты емес жағдайларда әрекет ету тәртібі.	ОН 7.1. Поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. ОН 7.2. Жүру жолында және тұрақтарда локомотивке техникалық қызмет көрсету және жөндеудің регламенттік жұмыстарын орындау. ОН 7.3. Стандартты емес жағдайларда әрекет ету тәртібін меңгеру. ОН 7.4. Электрлік, пневматикалық және механикалық жабдықтардың ақауларын жою. және механикалық жабдықтардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.	11	264	Қ 13.	Е
8	КМ 8. Локомотивті (моторвагонды жылжымалы құрамды) қабылдау және тапсыру, жабдықтау және дайындау жұмыстарын орындау	Локомотивті қабылдау және тапсыру; локомотивтердің жүріс бөлігінің құрлыс ерекшеліктерін анықтау; сапарға жылжымалы құрамды қабылдау және дайындау, жылжымалы құрамның тежеу құрылғыларын сынау; локомотивті тапсыру; локомотивті басқару және техникалық қызмет көрсету.	ОН 8.1. Локомотивті басқару және техникалық қызмет көрсетуді меңгеру. ОН 8.2. Локомотивтің негізгі агрегаттарын, электр, тораптарының механикалық жабдықтарын, бақылау-өлшеу аспаптарын тексеру. ОН 8.3. Локомотивті сапарға дайындау. ОН 8.4. Пайдалану процесінде тиісті үлгідегі локомотивтерге техникалық қызмет көрсету нұсқауларын орындау.	12	288	Қ 13.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
9	КМ 9. Жол бойында пайда болған локомотив ақауларын жөндеу жұмыстарын орындау	Пневматикалық тізбектерді басқару, басқару тізбектерін қосу және өшіру, жылжымалы құрамның механикалық, электрлік бөлігінің бұйрық талаптарына, сондай-ақ техникалық пайдалану қағидаларының конструкциясы мен талаптарына сәйкестігі; локомотивте немесе жүру жолында туындайтын вагондар құрамындағы ақаулықтар; регламентте белгіленген локомотивтің механикалық, электрлік және қосалқы жабдықтарының жұмысындағы ақауларды жою кезінде локомотив бригадасының жұмыс регламенті; машинист көмекшісінің лауазымдық міндеттері.	ОН 9.1. Локомотив жабдықтарының жарамды күйін тексеру. ОН 9.2. Жүру жолында туындайтын тиісті үлгідегі локомотивте немесе вагондар құрамындағы ақауларды анықтау. ОН 9.3. Жұмыс регламентіне сәйкес тиісті үлгідегі локомотивтің механикалық, электрлік және қосалқы жабдықтарының ақауларын жою.	27	648	Қ 14.	Е
10	КМ 10. Локомотивтер мен локомотив жабдықтарының техникалық құжаттамалар және есепке алуды жүргізу	Жөндеу және техникалық қызмет көрсету журналдары; технологиялық процестерді басқарудың технологиялық схемасы; өлшеу құралдарының көмегімен технологиялық параметрлері; өлшеу құралдарын тексеру технологиялық процесс үшін автоматты реттегіштерді, атқарушы құрылғыларды және қайталама құрылғыларды таңдау; технологиялық процесті, цехты, учаскені автоматтандыру схемасы.	ОН 10.1. Локомотивтердің, мотор-вагонды жылжымалы құрамның және жүк көтергіш крандар паркінің есебін жүргізу. ОН 10.2. Локомотивтерді, локомотивтердің уақытша резервіне қою және оларды алып қою кезінде құжаттаманы ресімдеу. ОН 10.3. Жөндеудің технологиялық процестерін әзірлеу. ОН 10.4. Жылжымалы құрамдағы ақаулардың себептерін талдау.	15	360	Қ 15.	Е
11	КМ 11. Локомотивтерді пайдалану кезіндегі экономикалық көрсеткіштерді талдау	Техниканы пайдаланудың экономикалық есептеулер; жылжымалы құрамды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсетудегі экономикалық көрсеткіштер; локомотив депосы жұмысының көлемдік және сапалық көрсеткіштерін, қажетті жабдықтар мен өндірістік алаңдарды, материалдар мен қосалқы бөлшектерді, жұмысшылар контингентін айқындау бойынша қарапайым техникалық-экономикалық есептер; еңбек бойынша өндірістік-қаржылық жоспарлар.	ОН 11.1. Көлік экономикасы және өндірісті басқару. ОН 11.2. Локомотивтерді жөндеудің экономикалық тиімділігін есептеу. ОН 11.3. Жөндеу және техникалық қызмет көрсетудің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау.	8	192	Қ 16.	Е
12	КМ 12. Тартқыш жылжымалы құрамдарға техникалық	Жылжымалы құрамының жекелеген бөлшектері мен тораптарын жөндеуге арналған технологиялық процестер; жылжымалы құрамның инвентарлық паркі;	ОН 12.1. Сервистік және техникалық қызмет көрсету түрлерінде локомотивті қабылдау және жөнелту жұмыстарын орындау. ОН 12.2. Локомотивті жөндеу депосының құрылымдық	27	648	Қ 16.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	қызмет көрсету және жөндеу технологиялық үдерістерін талдау	жылжымалы құрамды тексеру және жөндеу түрлері; жылдық жөндеу және техникалық қызмет көрсету бағдарламасы; ақаулықтарды қалпына келтіру және торапты жөндеу әдістері; тораптың технологиялық нормалау картасы; бөлшектің операциялық картасын жасау; күрделі жөндеу жүргізу кезінде қауіпсіздік техникасының сипаттамасы.	бөлімшелерінің технологиялық үдерістерін талдау. ОН 12.3. Тартқыш жылжымалы құрамдарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу технологиялық үдерістерін модернизациялау.				
Аралық аттестаттау				10	240		
Қорытынды аттестаттау				1	24		
Өзіндік жұмыс				60	1440		
Факультативті сабақтар				20	480		
Консультациялар				16	384		

Білім беру бағдарламасын қосуға өтінім

"Қарағанды теміржол колледжі" КМҚК техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру Тізіліміне орналастыру және сараптама жүргізу үшін мамандағы 07160500 Темір жолдың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету(коды, атауы), біліктілік (тер) 3W07160501 Локомотив машинисының көмекшісі (түрлері бойынша), 3W07160502 Локомотивті жөндеу жөніндегі слесарі (түрлері бойынша), 4S07160503 Техник-электромеханик (коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын жібереді.

Осы мамандық бойынша лицензияның болуы: Бар

Басшы: Магруппбеков Е.Е.

Орындаушы: Жунусова Б.К.

Ұялы телефон: 87000220796

Электрондық пошта мекенжайы: kar-zhelez@krg-edu.kz